



Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің консультативтік пункті туралы ереже

2025-2026 оқу жылы.

1. Жалпы ережелер

Консультативтік пункт жұмысының мақсаттары, міндеттері мен принциптері.

Жалпы ереже

- 1. Консультациялық пункт** (одан әрі КП) , ҚР « Білім туралы» Заңына сай 3 жастан 5 жасқа дейінгі мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалар мен ата - аналарына консультациялық көмек береді.
1.1. Ата-аналардың сұранысы бойынша отбасымен жұмысты МДҰ психологі тікелей байланыста жүргізеді.
- 2. Консультативтік пункт құрудың негізгі мақсаттары:** - мектепке дейінгі білімге қол жетімділікті қамтамасыз ету; - отбасылық және мектепке дейінгі тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету; - мектепке дейінгі жастағы балаларды үйде тәрбиелейтін ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық құзыреттілігін арттыру.
- 3. Консультативтік пункт негізгі міндеттері:** - баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде ата-аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық көмек көрсету және олардың психологиялық құзыреттілігін арттыру; - балалардың интеллектуалдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік сферасының дамыту, - мектепке немесе мектепке түсу кезінде балалардың табысты бейімделуін қамтамасыз ету; - ата-аналарды (заңды өкілдерді) баланың жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсету.
- 4. Консультативтік пункт қызметінің қағидаттары:** -балалармен және ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмыс істеуге жеке-бағдарлы көзқарас); - әлеуметтік-педагогикалық кеңістік субъектілерінің ынтымақтастығы; - тәрбие жүйесінің ашықтығы.
- 5. Психологиялық-педагогикалық кеңес беру пунктінің қызметін ұйымдастыру және жұмысының негізгі нысандары .**
 1. МДҰ базасында консультативтік пункт МДҰ меңгерушісінің бұйрығы негізінде ашылады.
 2. Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультациялық және психологиялық - педагогикалық көмекті ұйымдастыру олардың тәрбиешілермен, мұғалім-логопедпен және басқа да мамандармен өзара іс-қимылы негізінде құрылады.
 3. Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беруді бір немесе бірнеше мамандар бір мезгілде жүргізуі мүмкін.
 4. Консультациялық пункттегі психологиялық-педагогикалық жұмысқа тартылатын мамандардың саны БҚҚ кадрлық құрамына қарай анықталады.
- 6. Консультациялық бөлімді басқару және басшылық.**
 - 6.1. МДҰ меңгерушісінің бұйрығы негізінде психолог консультативтік пункттің қызметін үйлестіреді.
 - 6.2. Психологиялық-педагогикалық консультативтік пункт жұмысының нысандары: -

ата- аналарға (заңды өкілдерге) күндізгі кеңес беру); - ата-аналардың (заңды өкілдердің) қатысуымен баламен түзету-дамыту сабақтары); - баламен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін үйрету мақсатында ата-аналармен және олардың балаларымен бірлескен сабақтар; - МДҰ мамандарын тарта отырып, ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған мастер-класстар, тренингтер, практикалық семинарлар (бекітілген кестеге сәйкес ай сайын).

6.3. Кеңес беру пункті МДҰ меңгерушісі бекіткен кестеге сәйкес аптасына бір рет жұмыс істейді.

7.Консультациялық бөлім құжаттамасы.

7.1. Консультациялық бөлім қызметін қамтамасыз ету үшін келесі құжаттамалар жүргізіледі:

-МДҰ бармайтын бала ата- аналары (заңды өкілдері) үшін КП туралы Ереже;

-Консультациялық бөлімнің ашылуы туралы бұйрық;

-Консультациялық бөлімнің жылдық жұмыс жоспары.

8.Қорытынды ереже.

8.1. Осы Ереже МДҰ басшысы бұйрығы шыққан күннен әрекетке түседі

8.2. Ереженің әрекет мерзімі шектеусіз.

Осы Ереже жаңасы қабылданғанға дейін әрекет етеді.